

БӨЛІМ: ЭССЕ

С.Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңіндегі достықта кездесетін сатқындыққа сенерлік дос таңдай білмеген адам кінәлі ме, әлде адал досқа сатқындық жасаған адам кінәлі ме?

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.03.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/70907/>

Ақын «Сыр сандық» өлеңінде шынайы адал достықты тілге тиек еткен. Адалдық пен арамдық, талант пен күншілдік, мансап пен ұждан, достық пен қастықтың ара жігін аша жазып, адам үшін құнды байлық-достықты жырлайды. Ақын тек қана өз жайын, өз басының мұңын, өзінің арманын ғана айтып отырған жоқ, жалпы адамзатты ғана толғандыратын, жалпы адам баласын ойландыратын құндылықтарды жырлап отыр. Сәкен достыққа қандай баға береді? Нағыз дос қандай болуы керек дейді?

Достық-адамдардың бір-біріне адал, бір мүдделі ортақ көзқараста болатын қасиеті. Өмірге деген көзқарасы ортақ дүниетанымы деңгейлес, әрі бір-бірімен дос бола алады. Өлеңді оқи отырып, автордың дос көңілін шыңдығын қоймаға, алтын сарайға бағалайтынын байқаймыз. Лирикалық кейіпкер ақынның өзі достық сезімін құзды шыңға, нулы шатқалға, мөлдір суға, қымбат жасауға ұқсатады. Жанама, жағымсыз достарды қаламайды. Алтын сарай -шын достыққа нағыз дос ие болады дегенді айтады. Сұлу пернелер адам бойындағы жақсы, жағымсыз қасиеттер. Сәкен адамның көңіл-күйін, сырын, тұспалдай жырлап, оны биік таудың басындағы кілттеулі сыр сандыққа балайды. Кез-келген адамның кеудесінде шың, құз басында Сәкен ағамыз айтқандай сыр сандығы болады. Оның ішінде алтын да, күміс те бәрі бар. Сұлу сандық. Талай сол шыңға шығып, сын пернелерді басып қарап, біраз сыр ақтарысасың. Бірақ ол сандық та адамның жеке ақтаруын қалайды. Жаныңда жаныңды түсінер адам болса... Жоғарыда айтқандай, ол сандықта екінші біріне ақтаруға жол берген адам бақытсыз... Өмірде сүрінетін кездерде болады, сол кезде бірінші досыңа арқа сүйейсің, ал айналаңа қарасаң, олардың біреуін де таппайсың. Сатқындық, екіжүзділік, өзімшілдік достықпен сыйыспайды. Абай атамыздың айтуынша, «Жаман дос-көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың». Өмір ағымына қарай, шынайы достық пен жалған достықтың айырмашылығын үйренесің. Қорытындылай келе, осы өлеңді оқып бола салысымен өз жүрегіңе терең бойлап, сен де көңіліңнен сыр сандық іздейсің, ойланасың, ой тұжырымдайсың, өмірлік сабақ

аласың.Адамдық асыл қасиеттерді бойына жинақтай алған адам ғана -адамдарға шын дос,шынайы жолдас,нағыз дос болмақ.Ең бастысы әрбір адам достықта шынайылық,адамгершілік,сенімділік,уәдеге беріктік қасиеттерді жоғалтпау тиіс.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.